Бекітемін
Жир

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Болашақ»МДҰ
Топ: *кіші топ*
Балалардың жасы- *2 жас*
Жоспардың құрылу кезеңі *26.02-01.03.2024*

| **Күн тәртібінің үлгісі** | *Дүйсенбі 26.02.24* | *Сейсенбі 27.02.24* | *Сәрсенбі 28.02.24* | *Бейсенбі 29.02.24* | *Жұма 01.03.24* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгеріп алып келулерін ескерту. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Дидактикалық ойын:**<br><br>**«Дыбыс арқылы санды тап» Танымдық дағдылар** | Ертегі ойыны: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегіні еске түсіру, қайталау Коммуникативтік дағдылар | Дидактикалық ойын. «Геометриялық пішіндерді тап» геометриялық пішіндерді тауып, топтастыра білу. (сенсорика) | Дидактикалық ойын. «жануарлар қалай дыбыстайды» Жануарлардың дыбыстарын сала білу. Коммуникативтік дағдылар | Дидактикалық ойын. «Кімге не керек?» Мамандық иелерін айта білу.<br><br>Коммуникативтік дағдылар |
| Таңертеңгі жаттығу | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| Таңғы ас | Балаларды беті мен қолын жууға, таңғы асқа отыруға бейімдеу; тамақтану мәдениетіме машықтандыру; қасықты қолда дұрыс ұстауды көрсету; тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууға дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық | Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз бойынша мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту. Жаймадағы дайын пішіндерге жағу, желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану дағдыларын қалыптастыру. Шығармашылық дағдылар. | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет | «Қояндар биі» топпен би қимылдарын қайталау<br>**( музыка)**<br><br>Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель қуыршаты таныстыру.<br>Ол өзімен ертіп келген достарын таныстырады. Достарының есімдерін сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарыг таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін **дамыту.**<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Жанельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру,арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке карандашты,ермексазды қолдану қабілеттерін қалыптастыру | **Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру** – бүгілген шынтақтарын жылдам жазып қолды созу, допты лақтырғанда бағытына дұрыс траектория беру. Берілген белгі бойынша орындалатын жаттығудың реті – сапқа тұру, алғашқы қалыпты сақтау, допты лақтыру, доптынсоңынан жүгіру, қатардың қасына келіп тұру.<br>**Доға астынан еңбектеу** (биіктігі –40 см) – өтер кезде топтасу, бір-біріне кедергі жасамау.<br>**(Дене** | Бір қатармен сапта жүру, бір қатармен сапта жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру.<br>**Қатарға сапқа тұрып доптармен ЖДЖ жасау.**<br>Шынтағын бүкпеуге, еңкейгенде тізесін бүкпеуге назар аудартады.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>Топқа әже қонаққа келеді. Балалардан қонаққа кім келгенің сұрау.Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау,әже қандай адам ? әңгімелеп беруін сұрау негізінде | Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын сұрау арқылы олардың бастамасы бойынша іс-әрекет жасау. Балалар қуыршаққа не болғаны туралы сұрап, ойларын дамыту.Дыбыстарды дұрыс айтып,байланыстырас өйлеуін үйрету.<br>(сөйлеуді дамыту)<br><br>Қуыршақтың сүйікті номері доп екен.Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптын суретін салып,мүсінін жасауын, тақтаға жапсыруын ұйымдастыру.Қол қимылын дамытуға | **Негізгі қимылдары:** доға астынан еңбектеу(биіктігі – 40 см). Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Секір де – шапалақ ұр». Қимылдарды өзгерту үшін сапқа белгі береді.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>Балалардың бізге тамақ әкеліп,бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту<br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сурет салу, мүсіндеу)** | **шынықтыру)**<br>Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап,не үшін қолданылатының әңгімелеуді дамыту.<br><br>Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші,ұзын қысқа деген сөздерді түсініп,қолдануды үйрету.Заттарды пайдаланып көру қабілеттерін дамыту<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сенсорика)** | сөйлеуін қалыптастыру<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Ойыншықтар туралы жаттаған таппағын айтып ,әжеден сыйлық алып қуану сезіміне бөленуіне жағдай жасау<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру,салыстыру бойынша санау қабілеттерін дамыту.<br>**(сенсорика)** | жағдай жасау<br>(сурет салу, мүсіндеу,жапсыру) | Апайымызбен бірге кітаптар қарайық.Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру.<br>**(көркем әдебиет)** |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | **Картотека** | **Картотека** | **Картотека** | **Картотека** | **Картотека** |
| Серуеннен оралу | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяк киімдерін өз бетінше ауыстырып киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті) | | | | |
| Түскі ас | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту., орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындыққа тік отыру. Астың дәмді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени –гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті.) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Белгілі іс-әрекеттерді орындау арқылы (дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу) ұйқыға өз бетінше дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>Ұйқыға дайындалу.<br>Жастыққа басыңды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Бесін ас | Тамақты асықпай шайнап, шашпай-төкпей жеуге тәрбиелеу. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Достарымызбен шеңберге тұрайық,ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңберді бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. **(сенсорика)**<br><br>Құрылыс заттардан достарына үйшік құрастыру **(құрастыру)**<br><br>Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу,атау,тақтайшаға жапсыру. **(жапсыру)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп,еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. **(сурет салу, мүсіндеу,жапсыру)** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қораларды жасауды үйрету **(құрастыру)**<br><br>Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу,мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру **(сурет салу, мүсіндеу)** | Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. **(көркем әдебиет)**<br><br>Қонағымызды топтағы қуыршақпен салыстырып көрейікші, Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. **(сенсорика)** | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? Деп «артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындау **(сенсорика)**<br><br>Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту,ермексаздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **(сурет салу, мүсіндеу,жапсыру)** |
| Балалармен жеке | **Кеңістікті бағдарлау** | **Киіз үй жайлы** | Түстерді сұрау | Тілдік жаттығу жасату | **Мақал үйрету** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жұмыс | **жайлы сұрау.** | **әңгіме** | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы" | | | | |